

2025 ЖЫЛҒЫ «АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ
КМК-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: медицина
қызметкерінің рөлі» тақырыбында ұйымдастырылған ЖИЫННЫҢ
хаттамасы

**Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: медицина
қызметкерінің рөлі»**

Өткізілген күні: 14.07.2025 жыл

Төрағалық еткен: «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК
директоры А.Т.Сабыргалиева

Хатшы: Комплаенс-офицер Абишева А.Т.

Қатысқандар: Дәрігерлер, Орта буын қызметкерлері

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы медицина қызметкерлерінің рөлі туралы баяндама.
2. Медициналық ұйымдағы құқықтық талаптар және «Пациенттің құқығы» қағидаттарын сақтау мәселесі.
3. Медициналық қызмет көрсету кезінде этикалық нормаларды сақтау жөніндегі түсіндірме.
4. Сұрақ-жауап және ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға: А.Т.Сабыргалиева- Жиналысты ашып, жиынға қатысушыларды облыстық денсаулық сақтау басақармасы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан келіп жатқан қызметтік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасатынын ескерте келе, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөнінде қатаң ескертті.

Комплаенс-офицер Абишева А.Т.: Медицина саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, олардың қоғамға, пациенттердің сеніміне, ұйымның беделіне тигізетін әсері туралы айтып өтті.

Баяндамашы қызметкерлерге:

заңсыз сыйақы қабылдауға жол бермеу, пациенттермен қарым-қатынаста ашықтық пен әдебін сақтау, көрсетілетін қызметтердің барлығы ҚР заңнамасына сәйкес көрсетілуі тиіс екенін атап айтты.

Сонымен қатар, мекеме ішінде тәуекелдерді азайту мақсатында ішкі бақылау тетіктері мен алдын алу шаралары жөнінде түсінік берді.

2. Комплаенс-офицер Абишева А.Т.: Медициналық ұйымдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған құқықтық актілер, ішкі тәртіп ережелері және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар» туралы ақпарат ұсынылды. Қызметкерлерге пациенттерді қабылдау тәртібі, кезек пен жолдамаларға байланысты ашықтық принциптерін сақтау міндеті еске салынды.

3. Комплаенс-офицер Абишева А.Т.: Медицина қызметкерінің кәсіби этикасы мен деонтология талаптары, пациентке этикалық тұрғыда дұрыс қызмет көрсету, мүдделер қайшылығын болдырмау шаралары түсіндірілді.

Қатысушылар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу рәсімдері, пациенттердің шағымдарын қарау тәртібі, қызметкерлердің жауапкершілігі бойынша сұрақтар қойылды.

Барлық сұрақтарға толық жауап берілді.


ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Аурухана қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.

2. Барлық бөлімшелерде қызмет көрсету үрдісінің ашықтығын қамтамасыз ету және ішкі бақылауды күшейту.


3. Этикалық нормаларды сақтау бойынша жауапты тұлғаларға қызметкерлер арасында жоспарлы оқыту жүргізу.

Атырау облыстық балалар
ауруханасы директоры



Сабыргалиева А.Т.

Комплаенс-офицер
(жауапты маман)



Абишева А.Т.